

Педагогикалық кеңес №3

Тақырыбы: «Ойын технологиясы арқылы балаларға тәрбие беру аясында пәндік-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру»

Күні: 17.03.2025ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 0

Кеңес төрайымы: А.Овезова Хатшы: Ибрагимова Ж

Күн тәртібі:

1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарымен таныстыру.
2. «Заттық-дамытушы ортаны жасақтау жолдары» тақырыбындағы кеңес.
3. «Дамытушы ортадағы ойын түрлері» тақырыбындағы тренинг.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары туралы әдіскер жан-жақты түсіндірме берді. Аттестаттау рәсімінің мақсаты – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін бағалау және олардың біліктілік деңгейін арттыру екені айтылды. Педагогтерге аттестаттаудан өту кезеңдері, қажетті құжаттар тізімі, педагог портфолиосын рәсімдеу талаптары және бағалау өлшемдері таныстырылды. Сонымен қатар аттестаттауға дайындық барысында кәсіби жетістіктерді жинақтау, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу және тәжірибе алмасудың маңыздылығы түсіндірілді.

-мәселе бойынша

Балабақша әдіскері Ибрагимова «Заттық-дамытушы ортаны жасақтау жолдары» тақырыбында кеңес өткізді. Пәндік-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру барысында балалардың жас ерекшеліктері, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеру қажеттілігі айтылды.

Топ бөлмелеріндегі ойын, шығармашылық, кітап оқу, тәжірибе жасау және танымдық белсенділік орталықтарын тиімді ұйымдастырудың маңызы түсіндірілді. Дамытушы ортаның қауіпсіз, қолжетімді, эстетикалық талаптарға сай болуы және балалардың өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беруі керектігі атап өтілді.

Сөз сөйледі: тәрбиеші Сариева Ж

Өз сөзінде топтағы дамытушы ортаны жүйелі түрде жаңартып отырудың маңыздылығына тоқталды. Балалардың қызығушылығына сәйкес ойын бұрыштарын толықтыру, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көрнекіліктер мен ойын құралдарын пайдалану балалардың жан-жақты дамуына оң әсер ететінін айтты. Сондай-ақ табиғи және дидактикалық материалдарды тиімді қолдану қажеттігін жеткізді.

Сөз сөйледі: тәрбиеші Сариева Ж

Тәрбиеші ойын технологиясының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы орны ерекше екенін атап өтті. Ойын арқылы балалардың білімді жеңіл қабылдап, қызығушылығы артатынын айтты. Әр ұйымдастырылған іс-әрекетте ойын элементтерін тиімді қолдану балалардың ойлау қабілетін, тілін, шығармашылығын және әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретінін жеткізді. Алдағы уақытта пәндік-кеңістік дамытушы ортаны жетілдіріп, ойын технологияларын жүйелі түрде қолдану жұмыстарын жалғастыратынын айтты.

4-мәселе бойынша

Әртүрлі мәселелер талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары басшылыққа алынсын. Аттестаттауға қатысатын педагогтер қажетті құжаттарын талапқа сай әзірлеп, портфолиоарын уақытылы жинақтасын.
2. Дамытушы ортаны ұйымдастыруда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын көрнекіліктерді, табиғи және дидактикалық материалдарды тиімді пайдалану қамтамасыз етілсін.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында ойын технологияларының барлық түрлерін (дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, қимылды, ұлттық, логикалық ойындар) жүйелі қолдану арқылы балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамыту жұмыстары күшейтілсін.
4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу және әдістемелік жұмыстар тұрақты ұйымдастырылсын.
5. Осы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

А.Овезова

Хатшы:

Ж.Ибрагимова

